

Қазақстан Республикасында омыртқасыз су жәндіктерінің кейбір түрлерін пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 қараша N 1712

Омыртқасыз су жәндіктерінің кейбір түрлерін тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі салина артемиясы және гаммарус омыртқасыз су жәндіктері мекендейтін жер болып табылатын, оларды пайдалануға рұқсат етілетін су айдындарының тізбесін заңнамада белгіленген тәртіппен анықтасын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі салина артемиясы мен гаммарусты, сондай-ақ олардың туындыларын Қазақстан Республикасынан тысқары заңсыз әкетуді болдырмау жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Заңсыз өндіру және Қазақстан Республикасынан тысқары әкету кезінде алынған салина артемиясы мен гаммарус, сондай-ақ олардың туындылары заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Орман, балық және аңшылық

шаруашылығы комитетінің "Охотзоопром" ӨБ" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына беруге жатады деп белгіленсін.

4.

<*>

Ескерту. 4-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2002.04.10. N 408 қаулысымен.

P020408_

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.,

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК